

## ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ӘОЖ: 329.17:321(091)(574)

**Е.Т. Өміржанов,**

з.ғ.к., доцент,

Сүлейман Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

### **Бирмингем заң мектебіндегі заң пәндерін оқыту ерекшеліктері**

**Аңдатпа:** Бұл мақаланы жазу арқылы мен шет елдердегі оқыту әдістемелерінің ерекшеліктерін, ағылшын құқық ғылымының дамуына байланысты мемлекет тарапынан жасалынып жатқан шараларды ортаға салуға тырыстым. Сонымен қатар, оқыту әдістемелерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына назар аудардым. Өзім біз үшін қызық деп тапқан мәселелерді барынша толық баяндап оқырман тарапынан ой туындауына мән бердім.

**Кілт сөздер:** Болашақ бағдарламасы, тағылымдама, заң пәндерін оқыту әдістемесі, дәріс, семинар, оқыту тәсілдері, сабақ ұйымдастыру, студенттің материалды қабылдауы.

Болашақ бағдарламасы арқылы Англияның беделді оқу орындарының бірі Бирмингем университетінде үш айлық тағылымдамадан өткендегі өзім үшін ең маңызды мәселелерден аз да болса көрген-білгендерімді ортаға салғым келеді. Мені ең алдымен қызықтырғаны ондағы заң мектептерінің рейтингісін айқындау мәселесі болды, англиялық әріптестердің әңгімелерінен ұққаным, мұндағы әр университет әр бес жылда орталықтан құрылатын комиссияға өз факультеттерінің ішінен іріктеп алынған бірнеше адамның әрқайсысының төрт ғылыми еңбегін ұсынады екен. Осы еңбектердің алған бағасы бойынша әр мектептің ел бойынша рейтингісі анықталады. Осы мақсатта оқытушымен еңбек шарты жасалғанда одан оқу, қоғамдық және ғылыми жұмыс бойынша нәтижелер талап етіледі. Бұл өз кезегінде оқытушының бес жыл ішінде нақты нәтижеге қол жеткізуіне негіздеме болады. Әр оқытушының мектеп үшін маңызына қарай оның жалақысы да айқындалып отырады. Осылайша оқытушы қауымы арасында үлкен бәсеке майданы болып жатады, ол майданда тек нағыз мықтылар іріктелінеді, сәйкесінше, оның мектептегі орны, материалдық жағдайы өзгелерден әлдеқайда басым болары сөзсіз. Бұл тәжірибенің біздер үшін берері мол, яғни оқытушы тек сабақ өткізіп, тәрбие жұмысымен айналысушы ғана емес ең алдымен ғылыммен шұғылданушы ретінде танылады. Сонымен қатар, оқытушының жасаған ғылыми жұмыстары да сараптан өтіп, оларға нейтралды орган баға береді. Мұндай талапты біздерде де енгізсе өз кезегінде қандай да бір жолмен ғылыми атакқа ие болып ешқандай ғылыми нәтиже бермегендер мен ғылыми атак үшін мәңгіз дүниелерді қобырата жазып жүретін псевдо-ғалымдардың көбеймеуіне ықпал етер еді. Әрбір саладағы басты мамандар айқындалып, солар арқылы олардың жұмыс істейтін университеттерінің рейтингісі белгіленер еді. Осы мектептің оқытушыларымен ғылыми жұмыстар, оқулықтар жайында әңгіме барысында ұққаным олар үшін ғылыми атактың соншалықты маңызды емес екендігі болды. Мысалға келтірілген ағылшындық құқықтың кейбір салаларының басты еңбектерін жазған ғалымдар өз еңбектері үшін ғылыми дәреже алуға ұмтылыс та жасамапты. Яғни, ғылым саласындағы маман өз еңбегін жазуда ғылыми атакқа емес сол еңбегінің өзгелер тарапынан жоғарғы бағаға ие болуына аса мән береді екен. Бұл өз кезегінде құнды еңбектердің бағалануына және авторына деген

көзқарастың қалыптасуына алып келеді. Сәйкесінше құнды еңбек жазған автор әрқашан сұраныста себебі, ағылшын құқық мектептерінің рейтингісі сол мектепте жұмыс істейтін оқытушы ғалымдардың еңбектерінің жоғары бағаға ие болуымен айқындалады. Шынымды айтсам, ғылым туралы жаңа заңның қабылдануынан соң ғылым докторы ғылыми атағының жойылуы өзiмiнiң ары қарайғы ғылым жолында еңбек етуiме ынтаның жоғалуымен байланыстырып жүрген маған ағылшындық тәжірибе үлкен әсер етті. Егер ғылым жолында қызмет істейтін адам өз саласында тындырымды еңбек жасаса сол еңбектің түбінде қажетке жарайтындығы анық мәселе ғой. Олай болса, бітке өкпелеп тонын отқа лақтырғандай күйде жүрген ғылым адамдары осы көзқарасты қабылдаса ғой, шіркін. Себебі, егер ғылыми жұмыс жоғары деңгейде жазылса оны қорғауға ұсынбай-ақ, оқырманға ұсынуға болады емес пе. Сол арқылы автор да оқырманнан тиісті бағасын алады. Сонымен қатар, жазылған жұмыстың әділ баға алуы үшін министрлік деңгейінде комиссия құрылып, ұсынылған жұмыстарға өз бағасын берсе нұр үстіне нұр болар еді.

Тәжірибе жинақтауға келген мен үшін ең маңызды мәселелердің бірі өзiм келген заң мектебiндегi заң пәндерiн оқыту әдiстемелерi болды. Өзiмнiң осы ниетiм жайлы танысқан профессор оқытушыларға айтқанымда олар менiң өз сабақтарына қатысуыма қуана-қуана келiсiмiн бердi. Сонымен, осы мектептiң алдыңғы қатарлы педагогтарының сабақтарына қатысып, өзiмнiң көрген-бiлгенiмдi қағаз бетiне түсiрудi жөн көрдiм. Мұндағы менi аса таңдандырған нәрсе студенттердiң өз отырған орындарын сыйлай бiлуi болды, яғни сабақ басталысымен еш студент орнынан қимылдамақ тұрмақ, бiр-бiрiне мән бермейдi, бар ықыласы өткiзiлiп жатқан сабақта және еш оқытушының студенттердi тынышталуға шақырып жатқанын байқамадым. Мұны көрiп есiме өзiмнiң студенттiк шағым, қазiргi студенттерiм түстi. Бiзде студенттер қауымы ашуы жаман, қаһарлы оқытушылардан қаймыққандықтан ғана тыныш отыратыны айқын ғой, ал сәл ғана мүмкiндiк болса аудиторияда сыбыр-күбiр басталып, оқытушы ескерту жасаған соң ғана басыла бастайды. Өз басым үлкен аудиторияларға дәріс оқуға кіргенде дәріске бөлінген уақыттың бiр бөлiгiн аудиторияны тыныштандыруға жiберетiнiм есiме түсiп, қынжылдым. Мұндағы студент қауымның мәдениетiнiң жоғарылығына қайрап қалып, әлi де болса үйренерiмiздiң көп екендiгiн iштей мойындаумен болдым.

Мұнда осы мектептiң маңдай алды профессорлары Шон Койолдың «юриспруденция» пәнінен бiр дәрісiне, Мартин Джордждың «жер құқығы» пәнінен екi дәрісiне қатысу арқылы жалпы дәріс оқу әдiстемелерiмен аз да болса таныса алдым. Профессор Шон Койолдың құқықтың мәні жайлы дәрісiне қатысқан екi жүзден астам студенттiң бiрi ретiнде ол кiсiнiң дәрісiн өзiмiздегi философия пәнінен өткiзiлетiн дәрістерге ұқсаттым. Мұнда профессор құқықтың мәні мен мағынасы, қоғам үшiн маңызы жайлы айтып, құқық туралы әртүрлi мектептердiң өкiлдерiнiң берген анықтамаларына талдау жасады. Алғашқы елу минут аяқталған соң студенттер үзiлiсте профессордан өз сұрақтарын жекелеп келiп сұрап жатты, көпшiлiк студенттер аудиторияда қалды. Он минут үзiлiстен соң дәріс жалғасты, ендi субъективтiк құқық, құқықты жүзеге асыру жолдары, құқық пен дiннiң ара қатынас жайлы айтылды. Профессор дәріс барысында жекелеген тұлғалардың нақты сөздерi мен портреттерiн слайд арқылы көрсетiп, соларға сiлтеме жасап отырды. Әрине, елiмiзде дәріс өткiзу әдiстемелерi ешкiмнен кем еместiгi баршаға аян, дегенмен, мұндағы лекторлар тақырыпты толық қамтуды емес сол тақырып бойынша негiзгi мәселелердi түсiндiрудi мақсат етедi. Ол үшiн студенттерге келесi дәрістiң тақырыбы алдын ала берiлiп, олардың бұл мәселенi талқылауға дайын болуы қадағаланады. Ал дәрістi жеткiзу әдiстемелерi жалпыға ортақ өзiмiзде де қолданылып жүрген әдiстемелер. Жалпы Англия ағылшын саксон құқықтық жүйесiне жататындықтан мұндағы оқыту пәндерiнiң мазмұны бiзден бөлектеу. Бiзде «мемлекет және құқық теориясы» және «саяси және құқықтық iлiмдер тарихы» ретiнде екi пән

болып қарастыратын мәселелер мұнда «юриспруденция» деген жалпы пәнге кіргізілген және бұл пән екінші, үшінші курстарда таңдауға сай өткізілуде. Ал жер құқығы бойынша дәрістер ағылшын прецеденттік құқығына сай нақты сот шешімдеріне негізделіп өткізіледі. Жалпы пәндердің қарастырылатын объектісінің бір болғанымен ол объектінің жеке сипатына қарай оқыту материалдары да өзгешелікке ұшырайды. Сол себепті кейбір дәрісті жеткізу тәсілдері де ерекше. Ол әсіресе жер құқығы пәнінен байқалды, лектор әр дәрісте бірнеше жағдайды ортаға салып, оларды судьяның қандай жолмен шешкендігі жайлы толық ақпарат беріп отырды. Лектор әр қарастырылатын жағдайға байланысты слайд жасауда мультипликациялық бейнелерді пайдалану арқылы сол жағдайдың студент есінде сақталуына жағдай жасауға тырысқан. Сонымен қатар, студенттердің лектордың ойын бөлмеуі, яғни, нақты мәселені талқылап жатқан лекторға төтесінен сұрақ қоймауы дәрістің мазмұнды болуына жанама әсер етеді. Біздің студенттеріміздің дәрістің басы ма, аяғы ма өзінде туындаған сұрақты қойып, лекторды өз айтып жатқан мәселесінен ауытқытып жіберетіні бар. Ал мұнда студент өзінде туындаған сұрақты тек лектор дәрісті аяқтаған соң ғана біртіндеп қойып, жауабын алуды жөн көреді.

Біздегіше айтсақ, аға оқытушы Джеймс Лии өткізген сенімгерлік құқықтан семинар сабағы өзіндік ерекшелігімен есімде қалды. Мұнда сенімгерлік құқықтағы ниеттену, объект, субъект және себеп талданды. Сабақтың алғашқы бөлігінде студенттердің даярлығы нашар болғандықтан жалпылама сұрақтар беріп, оларды түсіндіріп берумен айналысқан оқытушы сабақтың екінші бөлігінде алдын ала берілген тақырыпқа сай өмірден алынған жағдайлар бойынша сұрақтарға тоқталды. Бұл тұста даяр болмаса да студенттер нақты жағдайға байланысты өз ойларын ортаға салып, сабақ қызықты өтті. Біздерде көбінесе нақты есеп, тапсырмалар азаматтық, қылмыстық, іс жүргізу және т.б. құқықтарынан жеке кітап ретінде беріледі, оқытушы жаңа есеп немесе тапсырма жайлы бас қатырып жатпайды. Мұнда әр оқытушы өз сабағынан өмірден алынған жағдайларға байланысты тапсырмалар беріп, студенттердің білімінің тәжірибеге жақын болғанына назар аударады екен. Өз тәжірибемде нақты тақырыптар бойынша студенттерге қосымша тапсырма беріп олардың дербес жұмыс істеуіне жағдай жасауға тырысқаныммен, әр семинар тақырыбы бойынша өмірден алынған мысалдардан тапсырмалар жасақтамаған екенмін. Менің түйгенім, мемлекет және құқық теориясынан да өмірден алынған жағдайларға байланысты тапсырмаларды алдын ала студенттерге беріп, семинар болмаса СОӨЖ сабақтарында бірлесе шешіп, талқылауға болатындығы болды.

Келесі қатысқан семинарым Эной Ноблдың жария құқықтан семинары болды. Мұнда оқытушы студенттерді дөңгелектене отырғызып олардың келу парағына қол қойдырған соң алдымен сабақта қарастырылатын сұрақтарды ортаға салып, содан кейін студенттерге сөз берді. Оқытушы студенттермен өзін өте еркін ұстап, қалжың айтып оларды күлдіріп те алды. Жалпы, студенттердің алғашқы конституцияның мәні мен қоғам үшін маңызына байланысты жауаптарын тыңдаған соң оқытушы оларға карточка таратты. Әр карточкада бір сөзден. Осы сөзге байланысты әр студент конституциялық заңнамадан бір мысал келтіруі керек болды. Бұл өз кезегінде студенттерді ойландырып, барлығының бірдей сабақта белсенділігін арттыруға көмегін берді. Семинар соңында қазіргі Англиядағы конституциялық құқықтық актілердің жүзеге асырылуы жайлы әңгімелер айтылды.

Әзірбайжандық ғалым Гулара Гулиеваның адам құқықтарынан магистранттармен өткізген семинары маған үлкен әсер қалдырды. Мұнда оқытушы пікір айту еркіндігі тақырыбында семинар ұйымдастырып, пікір айту еркіндігінің бірнеше нысандарын талдады, ең алдымен билік туралы пікір айту, коммерциялық пікір айту, діни пікір айту жеке жеке талданып, оларға қатысты магистранттардың көзқарастары ортаға салынды. Сонымен қатар семинарда Адам құқықтары

жөніндегі европалық конвенцияның пікір айту еркіндігіне байланысты баптары талқыланды. Семинар барысында оның қатысушылар үшін қызықты оғуіне оқытушы барынша тырысты. Әр мәселеге байланысты видео-ролик беріліп олар талданды. Дінге байланысты феминистік панк-рок топ «Pussy Riot»-тың шіркеуде түсірілген бейнебаяны талданса, билікке байланысты сын тақырыбында эзирбайжандық жастар түсірген «Батыстық, бағасы қымбат есек» деген бейнебаян талқыға салынды. Жалпы семинардың ерекшелігі ондағы барлық сұрақтардың жан-жақты қамтылып, барлық қатысушылардың белсенділік көрсетуі болды.

Соңғы қатысқан сабағым «Халықаралық мұнай құқығы» деп аталатын арнайы курс болды. Семинар болғандықтан өзбекстандық ғалым Джахонгир Саидов бұл сабақты ойын түрінде өткізді. Екі-екіден екі топқа бөлінген төрт магистрант стол басында қарама-қарсы отырып, алдын-ала дайындалған келісім-шарт бойынша келіссөздер жүргізді. Қалған студенттер мен оқытушы оларға бір жарым сағат беріп, бақылап отырды. Келіссөзге қатысушылар рөлге кіріп, өздерінің компанияларының нақты келісім-шарт бойынша мүддесіне сай нәтижеге қол жеткізуге тырысты. Берілген уақыт аяқталған соң оқытушы бақылаушы магистранттардың барлығының осы келіссөздер бойынша пікірін білді, ең аяғында өзі қорытынды жасады. Сабақтың нақты тәжірибеге жақын болуы магистранттар санасында келіссөздер жүргізу тәртібінің, ондағы талаптар бойынша жарыссөздердің ерекшеліктерінің сақталуына оң ықпал етері сөзсіз.

Әрине сырт көз сыншы демекші, мен келіспейтін тұстарды да ортаға сала кетуді жөн санадым, ең алдымен айта кетерлігі, семинар сабақтарында нақты балл қойылмауы, яғни семинар көбіне дәрістің жалғасы ретінде берілуімен ерекшеленді, мұнда да оқытушы көп мәселелерді ортаға салып, белсенді болуы тиіс. Егер студент дайын болмаса оған ешкім назар аудармайды да, менің айтқым келгені ол студентке айрықша назар аударылып, кейбір мәселелерді түсіндірмейді. Сонымен қатар, оқытушыларда студенттердің білім алуына мүдделілік қатынас жоқ, яғни кімге керек болса өзіне қажет нәрсені сұрап ала алады. Оқытушы өзіне келген студентке міндетті түрде қызмет көрсетеді. Ал жалпы баға студент жазған эссемен өлшенеді. Мұнда өзіміздегі заңгердің тілі бай, пешен, көреген, отаншыл рухта тәрбиеленуі қажет деген лозунг мүлдем жоқ. Мен студенттің барлығының бірдей болмайтындығына жүз пайыз сенімді адам болғандықтан үлгерімі нашар студенттер турасында әріптестерімнен көп сұрадым. Олар егер студентке қажет болса оқытушының есігіне ілінген паракшаға алдын ала жазылып кетіп дербес консультация ала алатындығын алға тартты. Яғни, студент әр аптада нақты оқытушыдан он минутқа жеке консультация ала алады, бірақ мұның өзі жеткіліксіз деп ойладым. Бәрі студенттің өзіне жүктелген, мүмкін мұнда шет елдік студенттердің көп болғандығы ма, жоқ әлде ұстаздардың да басым бөлігінің шет елдік болғандығынан ба студентке деген ұстаздың қатынасын біздікімен салыстыруға келмейді. Қазіргі кезде әсіресе Сүлейман Демирел университетінде заңгерлердің жана легін даярлауда басты мақсат олардың отаншыл рухтағы, адал, жан-жақты азамат болып қалыптасуына ықпал ету болғандықтан ұстаздар қауымына тек білім алуға жол көрсетуші ғана емес, сол студенттерге жаны ашитын, тәрбие беруші міндеті де жүктеліп отыр. Ал, ағылшындық әріптестерімде студентке клиент ретінде көзқарас әбден нық орныққан, яғни студент өзіне сұрақ қойса оқытушы міндетті түрде оған жауап береді, студентке ақы төлеуші клиент ретінде барлығы да жақсы қатынаста қарайды, егер ол сабақ оқымаса немесе оқығысы келмесе оған ешкімнің қатысы жоқ, білгісі келген студент оқиды, ал қалғандары өздері біледі. Мүмкін бұл өз кезегінде дұрыс та шығар. Осы ұстаным арқылы тек білімді немесе білуге талпынушы студент диплом алып шығар, дегенмен, біздерде дәл осылай қатынас орнату әлі де ертерек секілді. Себебі, біздерде студенттердің сана-сезімі, көзқарасы мүлдем өзгеше, сонымен қатар оқытушылар да басқаша ойлайды. Өз басым алдыма келген студент сабақ оқымаса оның ата анасының жағдайы ойлап,

жаным ашып, оған қосымша тапсырма беріп, қайтсе де сабақ оқуына ықпал жасағым келіп тұрады. Бұл жанашырлықтың түбінде өз ұлтыңнан шыққан қарақозге деген қамқорлық сезімі мен бауырмашылдық жатады. Ал ағылшындық әріптестер мен сияқты жағдайларды тіптен естеріне алмайды да, олар үшін бастысы студенттің жасаған еңбегі, студенттің қалауы, оның ұстанымдары, саяси көзқарастары, ұлттық мүддеге қызмет жасауы және басқа жағдайлар олар үшін маңызды емес.

### **Resume**

In this article the author relates about his training in Law School of University of Birmingham. The author describes some particularity of methods of teaching some professors and makes his own desigions.

### **Özet**

Bu makalede yazar Birmingham Üniversitesi Hukuk Fakültesinin eğitim sistemine büyük bir araştırma yaparak, Birmingham Üniversitesindeki sistemin faydalarından bahsetmiş. Ayrıca, Birmingham Üniversitesindeki sistemle Kazakistan Üniversite sistemini karşılaştırarak inceleme yapmış.

### **Резюме**

В данной статье автор рассказывает о своей стажировке, которую проходил в юридической школе Бирмингемского университета. Автор описывает некоторые особенности методики преподавания отдельных преподавателей и делает собственные выводы.

**УДК 338:24**

**Ә.Б. Бәкірова,**

магистрант,

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

### **Жоғары оқу орнындағы профессор-оқытушылардың жұмыс белсенділігін арттыру**

**Андағна:** Мақалада ЖОО-ғы профессор-оқытушылардың білім беру үдерісіндегі жұмыс белсенділігін арттыру қарастырылған. Белсенділіктің түрлері және профессор-оқытушылардың жұмыс белсенділігін арттыруда С.Демирел университетін мысалға ала отырып, негізгі категориялар талданады. Сонымен қатар, мақалада профессор-оқытушылардың кәсіптік шеберлігін арттырудың негізгі мақсаты қарастырылған.

**Кілт сөздер:** оқу белсенділігі, қоғамдық-саяси белсенділік, таным белсенділік.

Кәсіби оқытушы- әлеуметтік тұрғыдан жетілген, әдіс-тәсілдерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ұмтылған маман. Оқытушы өз мамандығын жақсы меңгеруі үшін өзінің білім сапасын, біліктілігін арттырады және психологиялық тұрғыдан өзін-өзі дайындайды. Оқытушының іс-әрекеті көбінесе оның кәсіби шеберлігіне байланысты; жалпы адамдармен, өзге оқытушылармен, студенттермен қарым-қатынасы, оның табиғи ерекшелігі, мәдени, рухани, адамгершілік дәрежесі- барлығы оның әлеуметтік, рухани тұрғыдан оның кім екенін көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекеттің дамуының жоғары деңгейі –оқытушы өзін-өзі дамытуды қалыптастыруға мақсат қояды және студенттердің білімін, қабілетін дамытады.